

**Пайдаланушылардың сертификатталмайтын әуеайлақтарды (тікүшақ айлақтарын),
уақытша әуеайлақтарды (тікүшақ айлақтарын) және қону алаңдарын есепке алу
қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 желтоқсандағы № 578 және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2011 жылғы 03 ақпандағы № 55 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 25 ақпанда № 6789 тіркелді.

Ескерту. Бірлескен бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 24.03.2023 № 179 және ҚР Қорғаныс министрінің м.а. 30.03.2023 № 244 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 67-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 24.03.2023 № 179 және ҚР Қорғаныс министрінің м.а. 30.03.2023 № 244 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Пайдаланушылардың сертификатталмайтын әуеайлақтарды (тікүшақ айлақтарын), уақытша әуеайлақтарды (тікүшақ айлақтарын) және қону алаңдарын есепке алу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 24.03.2023 № 179 және ҚР Қорғаныс министрінің м.а. 30.03.2023 № 244 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (Р.Ә. Әдімолда) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне белгіленген тәртіппен ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі Е.С. Дүйсенбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Казақстан Республикасы
Қорғаныс министрі
_____ Ә. Р. Жақсыбеков

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрінің міндетін атқарушы
_____ Д. Көтербеков

Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникация
министрінің міндеттін
атқарушының
2010 жылғы 23 желтоқсандағы
№ 578
және Қазақстан
Республикасының
Корғаныс министрінің
2011 жылғы 3 ақпандағы № 55
бірлескен бұйрығымен
бекітілген

Пайдаланушылардың сертификатталмайтын әуеайлақтарды (тікүшақ айлақтарын), уақытша әуеайлақтарды (тікүшақ айлақтарын), қону аландарын есепке алу қағидалары

Ескеरту. Қағида жаңа редакцияда – КР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 24.03.2023 № 179 және КР Корғаныс министрінің м.а. 30.03.2023 № 244 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Пайдаланушылардың сертификатталмайтын әуеайлақтарды (тікүшақ айлақтарын), уақытша әуеайлақтарды (тікүшақ айлақтарын) және қону аландарын есепке алу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 67-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және пайдаланушылардың сертификатталмайтын әуеайлақтарды (тікүшақ айлақтарын), уақытша әуеайлақтарды (тікүшақ айлақтарын) және қону аландарын есепке алу тәртібін айқындайды

2. Сертификатталмайтын әуеайлақтарды (тікүшақ айлақтарын), уақытша әуеайлақтарды (тікүшақ айлақтарын) және қону аландарын есепке алу сертификатталмайтын әуеайлақтарды (тікүшақ айлақтарын), уақытша әуеайлақтарды (тікүшақ айлақтарын) және қону аландарын пайдаланушыларға немесе иелеріне (меншік иелеріне) жүктеледі.

3. Есепке алу обьектілері әуе кемелерінің ұшын, қонуын, рульдеуін, тұрағын және қызмет көрсетуін қамтамасыз ету үшін арнайы дайындалған сертификатталмайтын әуеайлақтар (тікүшақ айлақтары), уақытша әуеайлақтар (тікүшақ айлақтары) және қону аландары болып табылады.

2-тaraу. Пайдаланушылардың сертификатталмайтын әуеайлақтарды (тікүшақ айлақтарын), уақытша әуеайлақтарды (тікүшақ айлақтарын) және қону аландарын есепке алуы

4. Пайдаланушылар сертификатталмайтын әуеайлактарды (тікүшақ айлақтарын), уақытша әуеайлактарды (тікүшақ айлақтарын) және қону алаңдарын есепке алуды:

1) сертификатталмайтын әуеайлактарға (тікүшақ айлақтарына), уақытша әуеайлактарға (тікүшақ айлақтарына) және қону алаңдарына құқық белгілейтін құжаттар;

2) жер участсесіне сәйкестендіру құжаттары болған кезде жүзеге асырады.

5. Есепке алу сертификатталмайтын әуеайлактарды (тікүшақ айлақтарын), уақытша әуеайлактарды (тікүшақ айлақтарын) және қону алаңдарын жеке есепке алу журналында (бұдан әрі - Журнал) жүргізіледі, осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша.

6. Журнал тігіледі және нөмірленеді, бұл туралы Журналдың соңғы бетінің артқы жағында тиісті жазу жазылады және пайдаланушиның мөрі қойылады.

Пайдаланушылардың
сертификатталмайтын
әуеайлактарды (тікүшақ
айлақтарын),
уақытша әуеайлактарды
(тікүшақ
айлақтарын) және қону
алаңдарын
есепке алу қағидаларына
қосымша
нысан

Сертификатталмайтын әуеайлактарды (тікүшақ айлақтарын), уақытша әуеайлактарды (тікүшақ айлақтарын) және қону алаңдарын есепке алу журналы

Пайдалануши _____

№	Мәліметтер	Деректер
1.	Сертификатталатын әуеайлактың (тікүшақ айлағының), уақытша әуеайлактың (тікүшақ айлағының) және қону алаңының атауы	
2.	Сертификатталмайтын әуеайлактың (тікүшақ айлағының), уақытша әуеайлактың (тікүшақ айлағының) және қону алаңының географиялық координаттары және орналасқан жері	
3.	Сертификатталмайтын әуеайлактың (тікүшақ айлағының), уақытша әуеайлактың (тікүшақ айлағының) және қону алаңының меншік иесі (иесі)	
	Сертификатталмайтын әуеайлактың (тікүшақ айлағының)	

4.	, уақытша әуеайлақтың (тікұшак айлағының) және қону алаңының мақсаты	
5.	Техникалық сипаттамалары: ұшу-қону жолағының өлшемдері; ұшу-қону жолағының жабын түрі; сертификатталмайтын әуеайлақтың (тікұшак айлағының) , уақытша әуеайлақтың (тікұшак айлағының) және қону алаңының техникалық дайындығы тексерілген соңғы күн	
6.	Сертификатталмайтын әуеайлақтың (тікұшак айлағының) , уақытша әуеайлақтың (тікұшак айлағының) және қону алаңының қону және жарық-техникалық жүйелерімен (бар болған жағдайда) жабдықталуы	
7.	Қабылданатын әуе кемелерінің түрлері	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК